

Улкен Нарын ауданы бойынша бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды және олардың шекті толу нормаларын, оларды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды, пайдалану тәртібін, пикеттеуді өткізуғе тыйым салынған іргелес аумақтардың шекараларын айқындау туралы

Шығыс Қазақстан облысы Улкен Нарын аудандық мәслихатының 2024 жылғы 24 желтоқсандағы № 9/87-VIII шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 27 желтоқсанда № 9121-16 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы" Заңының 8-бабының 2-тармағына сәйкес Улкен Нарын ауданы мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімге 1-қосымшаға сәйкес бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар және олардың шекті толу нормалары;

осы шешімге 2-қосымшаға сәйкес бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар;

осы шешімге 3-қосымшаға сәйкес бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібі;

осы шешімге 4-қосымшаға сәйкес пикеттеуді өткізуғе тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары айқындалсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат төрағасы

Ж. Сыдыкова

Улкен Нарын ауданы мәслихатының

2024 жылғы 24 желтоқсандағы

№ 9/87-VIII шешімге

1-қосымша

**Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар және олардың шекті толу нормалары**

№ р/р	Арнайы орын	Шекті толу нормасы
1	Аудандық мәдениет үйі ғимаратының алдындағы алаң (Улкен Нарын ауылы, Шабдан Тумашинов көшесі, 7/2)	

<p>Шерулер мен демонстрациялардың бағыты:</p> <p>Улкен Нарын ауылы Абылайхан – Шабдан Тумашинов көшелерінің киылсысынан бастап аудандық Мәдениет үйі алдындағы аланға дейін қозғалу.</p>	<p>50 адамнан артық емес</p>
--	------------------------------

Улкен Нарын ауданы мәслихатының  
2024 жылғы 24 желтоқсандағы  
№ 9/87-VIII шешімге  
2-қосымша

## **Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар**

Бейбіт жиналыс өткізілетін күні ұйымдастырушылар мен оның қатысуышылары Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы" Заңының 5 және 6-баптарының талаптарын сақтауы тиіс.

Ұйымдастыруши немесе ұйымдастырушының өкілдері бейбіт жиналыстар өткізу кезінде аудиовизуалды техника құралдарын пайдалануға, сондай-ақ бейне және фототүсірілім жасауға құқығы бар.

Бейбіт жиналыстар өткізуді материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуді оларды ұйымдастыруши мен оларға қатысуышылар өз қаражаты есебінен, сондай-ақ осы бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жиналған және (немесе) берілген қаражат пен мүлік есебінен жүзеге асырады.

Улкен Нарын ауданы мәслихатының  
2024 жылғы 24 желтоқсандағы  
№ 9/87-VIII шешімге  
3-қосымша

## **Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібі**

Бейбіт жиналыстар пикеттеуді қоспағанда, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін осы шешіммен айқындалған арнайы орындарда өткізіледі.

Дәл сол бір жерде және (немесе) дәл сол бір журу маршруты бойынша не дәл сол бір уақытта бейбіт жиналыс өткізуге бір мезгілде бірнеше бейбіт жиналыстарды ұйымдастыруши үміткер болған жағдайда, көрсетілген орынды пайдалану кезектілігін ауданның жергілікті атқарушы орган бейбіт жиналыстарды ұйымдастырушыдан тиісті хабарламаны немесе өтінішті алған уақытын негізге ала отырып айқынрайды.

Бейбіт жиналыстарды бейбіт жиналыстар өткізілетін күні жергілікті уақыт бойынша сағат 9.00-дан ерте бастауға және сағат 20.00-дан кеш аяқтауға болмайды.

Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды қоспағанда, дәл сол бір жерде дәл сол бір уақытта дәл сол бір объектіде екі және одан да көп пикет өткізуге жол берілмейді.

Пикеттеу ұзақтығы бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды қоспағанда, дәл сол бір жерде дәл сол бір объектіде күніне екі сағаттан аспауға тиіс.

Улкен Нарын ауданы мәслихатының  
2024 жылғы 24 желтоқсандағы

№ 9/87-VIII шешімге  
4-қосымша

## **Пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары**

Объектілердің іргелес аумақтарынан кемінде 800 метр арақашықтықта:

- 1) жаппай жерлеу орындарында;
- 2) теміржол, су, әуе және автомобиль көлігі объектілерінде және оларға іргелес жатқан аумақтарда;
- 3) мемлекеттің қорғаныс қабілетін, қауіпсіздігін және халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін ұйымдарға іргелес жатқан аумақтарда;
- 4) қауіпті өндірістік объектілерге және пайдалануы арнайы қауіпсіздік техникасы қағидаларын сактауды талап ететін өзге де объектілерге іргелес жатқан аумақтарда;
- 5) магистральдық теміржол желілерінде, магистральдық құбыржолдарда, ұлттық электр желісінде, магистральдық байланыс желілерінде және оларға іргелес жатқан аумақтарда пикеттеуді өткізуге тыйым салынады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК